
Considered an urgent problem of improving professional competence and pedagogical teacher training, the functions, criteria, levels of its formation.

Мақалада кәсіптік оқыту педагогінің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін жетілдіру мәселелері мен қалыптасу деңгейі қарастырылған.

ӘОЖ 37.017

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ
САПАСЫН КӨТЕРУ МӘСЕЛЕСЕРІ**

**THE PROBLEMS OF IMPROVING THE QUALITY OF
EDUCATION IN HIGH SCHOOLS**

**Жаңбыров Ж.Ғ., Қаңтарбаева Ш.М., Тұрсымбекова З.Ж.
Zh. G. Zhanbirov, Sh. M. Kantarbayeva, Z. Zh. Tursymbekova**

Орталық Азия университеті, Алматы қаласы

Бүгінгі таңда Елбасының Қазақстан халқына арналған жолдауына сәйкес жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын жақсарту мәселесі туындап отыр. Әрине, бұл мәселе бір күнде туындаған емес, еліміз егемендік алып, өз алдына ішкі және сыртқы саясаттарын жүргізе отырып, жастарға білім беру жүйесін әлемдік талаптарға сәйкестендіру үрдістерін іске асырды. Қандайда болмасын технологияны, соның ішінде жастарды тәрбиелеу мен білім беру жүйесінде ешқандай жүйені алдын ала ұлттық құндылықтармен, ерекшеліктерімен және өмір танымдары ерекшеліктерін ескермей енгізу мүмкін емес. Туралап айтқанда ондай үрдіс бойынша күткен нәтиже болмайды. Сол себептерден Елбасы осы мәселені атап өтіп, нақты тапсырыстар берді.

Жоғары оқу орындарында көптеген жылдар еңбек етіп, бұрынғы кеңес кезіндегі және бүгінгі әлемдік білім беру жүйелерінің кемшіліктері мен артықшылықтарын тереңірек білуге мүмкіндік алдық. Екі жүйенің басты айырмашылығы кеңес жүйесі негізінде нақты сала бойынша жоғары білімді кәсіби маман дайындалатын болса, бүгінгі Болондық жүйе бойынша кәсіби маман емес, арнаулы бір салада туындаған мәселені шешуге мүмкіндігі бар маман дайындалады.

Көптеген Еуропа мемлекеттері профессорларының зерттеу қорытындылары бойынша «жоғары білімді кәсіби мамандарды өндіріс орындары жұмысқа жақсы қабылдайды және оларды бағалайды, ал Болондық жүйе бойынша білім алып шыққан бакалаврларды жұмысқа алғанымен, олар әлеуметтік және құқықтық негізде жоғары білімді кәсіби мамандарға қарағанда қорғансыз, егер оның магистрлік атағы болмаса, 40 жаста жұмыссыз қалу ықтималы мол» деген пікірде.

Ал Болондық жүйенің ең басты артықшылығы, оның осы жүйе бойынша білім беруші жоғары оқу орындары арасындағы мұғалімдер мен студенттердің емін-еркін өзара алмастырылуы. Яғни, Алматы қаласындағы университеттен кез-келген шет мемлекеттегі жоғары оқу орынына ауысып, сол жерде білім алып, диплом қорғап шығу мүмкіндігі. Дегенмен бұл тұста да келеңсіз жәйттер кездеседі. Мысалы Ресей жоғары оқу орындарындағы білім алу деңгейін өлшеу бірлігі-зачеттік бірлік-36 сағат, ал Қазақстанда кредит-45 сағат. Сонымен қатар міндеттелген пәндер тізімдері мен көлемдері арасында көптеген сәйкессіздіктер бар. Мысалы көлік саласы мамандарын

дайындау оқу бағдарламасын салыстырайық, бір атап өтер мәселе Ресейде кейбір мамандықтар бойынша жоғары білімді кәсіби маман дайындауға рұқсат берілген.

Инженерлер дайындау оқу бағдарламасындағы негізгі пәндердің берілу көлемдері, сағатпен

№№	Пәндер аттары	Қазақстан бакалавр	Ресей - бакалавр	Ресей-жоғарғы білімді кәсіби маман
1	Математика	270	324	720
2	Физика	180	360	432
3	Сызба геометриясы	180	144	216
4	Материалдар кедергісі	90	216	288
5	Теориялық механика	90	108	288
6	Машина бөлшектері	135	144	144
7	Машинар мен механизмдер теориясы	135	72	144

Кестеде көрініп тұрғандай заманауи техникалық мамандар дайындау үшін ең басты пәндердің берілу көлемдерінің қаншалықты айырмашылықтары бар екені. Тағы бір атап өтетін мәселе, Қазақстан мемлекеттік оқу стандарттары бойынша бакалаврлерге теориялық білім беру көлемі төрт жылда 5805 сағаттан кем болмауы тиіс, ал Ресейде осы бакалавр дайындау үшін мемлекеттік стандарт бойынша -7488 сағат бекітілген, жоғарғы білімді кәсіби маман дайындау үшін 9288 сағат.

Кез-келген сырт көзге көрініп тұрғандай алдын-ала бекітілген мемлекеттік оқу стандарты бойынша біздің жоғары оқу орындары студенттері Ресей мемлекетінің жоғары оқу орындарына ауысуы үшін қаншалықта пән айырмашылықтарын теңестіру керек, демек Болондық жүйенің ең басты мақсаты емін-еркін оқу орындарын ауыстыру талабы орындалмайды. Екіншіден Қазақстан жоғары оқу орынын бітірген бакалавр, Ресей жоғары оқу орынын бітірген бакалаврден алған білім деңгейі бойынша көп төмен болады. Осыдан келіп сапасыз маман дайындау мәселесінің бірінші факторы пайда болады.

Екінші фактор. Жоғары оқу орындарындағы қызмет атқарып жүрген профессорлар мен мұғалімдердің заманауи талаптарға сәйкестігі. Бүгінгі уақытта техникалық жоғары оқу орындарындағы профессорлар мен оқытушылар тізіміне көз салсаңыз, оның 65-70 пайызы әйел адамдар. Кейбір мұғалімдер нақты сала бойынша ғылыми атағы мен дәрежесі болғанымен, сол салада бір күн өндірісте қызмет істемеген жәйттері көп. Ал қазіргі жастар ондай мұғалімдер мен профессорлардың дәрістерінің бүгінгі заман талаптарынан көп артта қалғанын және ол материалдардың оған керек болмайтынын бірден анықтайды, сол себептен сабаққа келуге құлқылары болмайды. Бірақ ғылыми атағы мен дәрежесі бар ер адамдарды қайдан табасыз? Білім және ғылым министрлігінің талаптары бойынша профессорлар мен мұғалімдердің ғылыми атағы бар тобының үлес салмағы 60-65 пайыздан кем болмауы тиіс. Егемендік алған алғашқы жылдарындағы қиыншылықтар кезінде білімі бар, ғылымға икемді жастардың барлығы жан ұясын асыру мақсатында ғылымнан, соның ішінде жоғары оқу орындарынан кетті. Олардың орындарын қолдарында билігі бар және аз да болса еңбек етіп, табыс табайық деген кездейсоқ адамдар келіп, диссертациялық кеңес төрағалары арқылы тіл табысып, ғылым дәрежелерін алды. ҚР Президент оңды-солды ғылыми дәреже беріліп жатыр деп диссертациялық кеңестердің жұмысын тоқтатты, бірақ нақты осы жағдайға алып келген және арнайы табыс көзіне айналдырған диссертациялық кеңестер мен олардың төрағаларын анықтап, жазалау керек еді, сонда мұндай мәселелер болашақта басқаларға сабақ болып, әрбір адам жеке жауапкершілігін сезінер еді. Ал осындай «төрағалар»

басқарған диссертациялық кеңестердің кесірінен, нақты ӨОК Білім және ғылым министрлігі бекіткен талаптарға сәйкес ғылыми мамандар дайындап отырған, соның ішінде биліктегілер мен көлденең қосылғандардың тәуекелі мен білімі жетпейтін техникалық диссертациялар кеңестері де жұмыстарын тоқтатты, оның аяғы неге апарып соқтырады, оны әлі уақыт көрсетер.

Ал магистрлер мен салалық докторлар дайындаймыз, сол арқылы жоғары оқу орындарының білім сапасын көтереміз деу біздіңше өзін-өзі алдап, уақыт өткізгенмен бірдей сияқты. Өйткені, жоғарыда атап өткендей болашақ магистрлер мен сала докторларының алғашқы білім алу деңгейі өте төмен, ешқандай заман талаптарына сәйкес емес, әрине көпке топырақ шашпаған жөн болар, студенттердің арасында бірен-сараны кездесіп қалары рас.

Екінші бір себебі ол студенттердің әлеуметтік жағдайларының жоқтығы немесе әлеуметтік қорғансыздығы. Олардың мемлекеттік грант есебінен алатын степендиясы көлемі, бұрынғы кеңес кезіндегі студенттердің алған степендиясының үштен бірін құрайды деуге болады. Мысалы кеңестік жоғары оқу орындарындағы студенттердің ең төменгі степендиясы 40 сом болды, баламалы түрде айтсақ, оған жақсы үш қой сатып алуға болатын, сонда қазіргі 17500 теңге степендия алатын студенттің жарты қой алуға ғана мүмкіндігі бар. Әрине, бұл тиімсіздеу салыстыру болар, бірақ шындық осы. Осындай әлеуметтік жағдайда жүрген жастардың ғылыми атақ алу үшін қалған өмірлерін арнайды деуге сену қиын.

Келесі бір мәселе шет мемлекеттердің ірі университеттері заман талаптарына сәйкес зертханалар және техникалармен толықтай қамтамасыз етілген, ал біздің жағдайымыз баршаға мәлім. Осыдан келіп, шет ел профессорлары ғылыми жетекшілік етіп, солардың зертханаларында ғылыми ізденістер жүргізу арқылы сапалы салалық докторлар дайындалады және олар еліміздің жоғары оқу орындарындағы мамандар дайындау сапасын арттырып, ғылымымызға жетекшілік етеді деген түсінікті қалай деуге болады. Себебі ешқандай мемлекеттің ғалымдары басқа мемлекеттің ғалымдарының өздерінен озғанына жол бермейді, екіншіден олардың профессорларының атқарған ғылыми жұмыстарының көбінің, шындығын айту керек, алып бара жатқан артықшылықтары жоқ. Егер біздің мемлекет шет мемлекет сияқты, біздің профессорларға жағдай жасаса, ең мықты технологиялар мен жаңалықтар жасауға болады. Мысалы биыл жыл басында Мәскеу қаласында халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияға барып келдік. Конференция барысында Польшадан, Германиядан және Украинадан келген бірнеше докторанттардың ғылыми жұмыстары тыңдалды. Егер өзіміз көрмесек сенбес едік, бірақ шындық солай, Қазақстаннан барған қатардағы мұғалімдердің сұрақтарының бірде-біріне әлгі үш мемлекеттен келген баяндамашы-докторлар ешқандай жауап бере алмады. Ал жарыс сөзде, біздің ешқандай ғылыми атағы, дәрежесі жоқ мұғалімдер барлық атқарған жұмыстарының жалпы қажеттілігі мен тұжырымдамаларына үлкен сын пікір айтты, демек «қолда бардың қадірі жоқ» деген сөздің рас болғаны. Ал осы бізден барған мұғалімдердің кезінде атқарған, бірақ кандидаттық дәрежесі қорғалмай қалған жұмыстары көптеген Ресей Академиктерінен өте жоғарғы баға алып, жақсы пікір қалдырды және диссертациялық кеңестірінде ғылыми атақ қорғауға ұсыныс жасалды.

Яғни, жоғары оқу орындарында болашағы бар, өз мамандықтарын жақсы меңгерген, іс-тәжірибелері мол мұғалімдердің ғылыми дәреже алу мақсатында атқарған диссертациялық жұмыстарын қорғату мәселесі шешілуі тиіс. Мұндай мұғалімдер қазіргі жүйе бойынша докторлық дәреже алып, аудиторияны меңгере алмайтын жастардан, көп сапалы және тиянықты білім береді. Сондықтан көтерілген мәселені шешу Егеменді мемлекет болғалы тағайындалған бірден-бір кәсіби маман, ғалым, педагог, академик, Министр Б.Т. Жұмағұловтың қолынан келетін мәселе және шешуін табады деп сенейік.

Мәселенің үшінші факторы туралы Президент айтқандай «...Закончив медицинский институт, выпускник еще не становится врачом. Закончив политехнический вуз, выпускник еще не инженер. Ему придется доказать, что он является специалистом. Таков порядок во всем мире».[1]

Бірақ ол өзінің маман екенін дәлелдеуі үшін, бірінші оны нақты кәсіпорын жұмысқа қабылдауы тиіс. Ендеше алғашқы және басты мәселе бакалаврді алғашқы жұмысқа қабылдау мүмкіндігі. Бұл мәселе жөнінде Білім және ғылым министрі, академик Бақытжан Жұмағұлов мырза атап өткендей жоғары оқу орындарында «дуалдық жүйені» тиімді пайдалану қажеттілігі.[2]

Бұл жүйе бойынша студенттер білім алу уақыттарының үштен екі бөлігін нақты өзінің таңдаған мамандығы саласы бойынша өндіріс жағдайында өтеді, ал теориялық сабақтар университет аудиториясында өтіледі. Демек болашақ маман, университет арқылы өзіне оқуды аяқтағаннан кейін қызмет атқарар жұмыс орнынан студент кезінен танысып, нақты сол өндіріс қажеттілігіне сәйкес білім алып, бейімделген маман болып келеді. Бұл жүйенің екінші бір тиімділігі университеттер тек қана оқу-әдістемелік сабақтар жүргізуге немесе ұйымдастыруға керекті қымбат зертханалардың қажеттілігінен құтылады, олар тек ғылыми жұмыс атқаруға керекті зертханаларға қаржы салатын болады.

Демек бұл мәселенің шешуін табуға нақты амал бар. Тағы бір атап өтер жағдай Министрліктің 2011 жылғы бұйрығымен бекітілген бакалавр, магистр және докторанттар дайындау жөніндегі жаңа ережелері, бұл соңғы жылдары атқарылған жұмыстардан анықталған кемшіліктерін болдырмау үшін, бірден-бір болашағы зор ережелер десе артық болмас дейміз.

Қорытынды. Жаңа қолданысқа жіберілген ережелер бойынша заман талаптарына сәйкес сапалы маман дайындау үшін, жоғары оқу орындарына Министрлік толықтай еркіндік және мүмкіндік беріп отыр, яғни болашақта қандай жоғары оқу орындарының дайындап шығаратын мамандарының сапасын, олардың бекіткен оқу бағдарламасымен өндіріс орындары арасындағы орнатылған қатынастары және атқарылып отырған ғылыми-ізденіс жұмыстарының құндылығы арқылы бағалауға болады.

1.Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». 27.01.2012 г.

2.Макаров В., Жумагулов Б.Т.: Образование и наука – на переднем крае модернизации страны "Казахстанская правда", 29 февраля 2012.

В статье дан анализ системы подготовки технических кадров в высшей школе страны, состоящий из трех блоков: набора и объема изучаемых специальных дисциплин, качества преподавания и инфраструктуры подготовки.

This paper presents an analysis of technical training in high school of the country, consisting of three parts: a set of volume and special subjects studied, the quality of teaching and training infrastructure.